


Бекітемін:
Бас директордың
өндіріс жөніндегі орынбасары
Кутжанов А. А. 
«10» 11 2024 ж.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жөніндегі қызметтер» бойынша қызметтер көрсетуге техникалық сипаттама

1. Қызметтердің сипаттамасы және қажетті функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары.

Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың мақсаты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкерлердің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың негізгі қағидаттары: тараптардың қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету; жұмыс берушілердің еңбек қауіпсіздігін арттырудағы экономикалық мүдделілігі болып табылады.

Соңғы 3 жылда «Ембімұнайгаз» АҚ-да сақтандыру жағдайлары бар.

Қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және сипаттамалары

«Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жөніндегі қызметтер Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексінің және «Қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы олардың еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруы кезіндегі жағдайлар» (бұдан әрі — Заң) туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы № 30-III Заңының талаптарына сәйкес ұсынылуы тиіс.

Сақтандыру жағдайы-зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсерінен қызметкермен (қызметкерлермен) болған, нәтижесінде өндірістік жарақат, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе қызметкердің улануы, оның кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу, кәсіптік ауруға шалдығу не қайтыс болу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиға. Бұл Заңның 16-1-бабында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде орын алады.

Өткізілетін сатып алу нысанасы болып табылатын көрсетілетін қызметтердің көлемі

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жалпы саны - 4 690 адамды құрайды.

Қызметкерлердің жалпы саны өзгерген кезде сақтандыру сыйлықақысы негізгі шарт аяқталғанға дейінгі қалған кезеңнің сомасы негізге алына отырып есептеледі.

Шарттың қолданылу мерзімі ішінде сақтандырылған тұлғалар санының өзгеруі мүмкін, сақтандыру өтемі кезінде «Ембімұнайгаз» АҚ барлық қызметкерлеріне есептелуі тиіс.

Қызметкерлер санаты	Қызметкерлер саны	Кәсіби тәуекел класы	Жылдық еңбекақы қоры, теңге
Жалақысы 10 еселенген АЕК-тен аз жұмысшылар саны	179	14	1 617 162 820
Жалақысы 10 еселенген АЕК-тен асатын қызметкерлер саны	4511	14	46 012 200 000
Барлығы:	4690		47 629 362 820

Қызмет көрсету кезінде Орындаушы:

Сақтандыру ұйымының ұсынысы қаралғанға дейін қатарынан он екі ай ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің нормативтерін үздіксіз сақтау. «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы №30 Заңына сәйкес қызметтер көрсету.

Орындаушы сақтандыру өтемақыларын төлеуді қоса алғанда, өндірістегі жазатайым оқиғаларды белгіленген мерзімде қарауға тиіс.

Орындаушыға қойылатын талап:

Орындаушы Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру саласындағы заңнамасында белгіленген барлық нормативтік талаптар мен ережелерді сақтауға міндетті.

Орындаушы сақтандыру жағдайларын уақтылы және жедел өңдеуді және қажетті консультациялық қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс.

Қызмет көрсету орны мен шарттары: Қазақстан Республикасы, «Ембімұнайгаз» АҚ.

Бірлесіп Орындаушыны тартуға жол берілмейді.

Қосымша шарттар:

Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті сақтандыруға қатысты өзгерістер болған жағдайда, Орындаушы «Ембімұнайгаз» АҚ мен оның қызметкерлерінің талаптарын нашарлатпайтын Шарттың және сақтандыру өтемінің талаптарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.


2. Сатып алынатын қызметтерді көрсету мерзімі: 2024 жылғы 01 желтоқсаннан 2025 жылдың 30 қарашасына дейін 12 күнтізбелік ай.

**Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау
департаментінің директоры**



А.Каримов

**Қауіпсіздік және
еңбекті қорғау
бөлімінің бастығы**



А.Бохаева

